


ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ  
МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ  
ҚЫТАЙША-ҚАЗАҚША-ОРЫСША  
ҚАЗАҚША-ОРЫСША-ҚЫТАЙША  
ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ

汉哈俄、哈俄汉  
经济与石油  
常用词汇及短语手册



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

---

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ  
МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ  
ҚЫТАЙША-ҚАЗАҚША-ОРЫСША  
ҚАЗАҚША-ОРЫСША-ҚЫТАЙША  
ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ

汉哈俄、哈俄汉  
经济与石油  
常用词汇及短语手册

Құрастырушылар: Г. Ахметбек, М. Нұрсайдов, Н. Абдурақын,  
П. Бектұрғанова, Н. Абдраимова, А. Арзықұлов, А. Түргенбай,  
Е. Керімбаев, Д. Мадиев, Р. Досымбекова, А. Анипина,  
А. Қойбақова, Н. Абдраев, Б. Мәулет, Д. Дәурен, Г. Қатбаева,  
Ә. Исаев, И. Мұқатаева

Алматы  
«Қазак университеті»  
2012

ӘОЖ 495.1+494.342-319

Ә 34

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
шығыстану факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық баспа-кеңесі шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент *М. Салқынбаев*  
техника ғылымдарының докторы *Т.К. Ахмеджанов*  
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент *З.Ж. Екеева*

Ә 34 **Экономика** және мұнай-газ саласындағы қытайша-қазақша-орысша, қазақша-орысша-қытайша терминдер сөздігі / құрас. авт: Г. Ахметбек, М. Нұрсайдов, Н. Абдурақын және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 137 бет.

**ISBN 978–601–247–564–7**

Авторлар ұжымының бірлесе отырып шығарған Экономика және мұнай-газ саласындағы қытайша-қазақша-орысша, қазақша-орысша-қытайша терминдер сөздігінің ерекшелігі – бұл экономиканың түрлі саласын қамтитын үш тілдегі бірден-бір еңбек. Сөздікте экономика, бизнес, мұнай-газ өндіру, қаражат, несие саласындағы терминдер топтастырылып, алфавиттік жүйе бойынша оқырман назарына ұсынылған.

Аталмыш еңбек тек экономика саласындағы қызметкерлер ғана емес, сонымен қатар қытай тіліндегі мамандарды осы салада тереңдете даярлауда оқытушылар мен студенттер үшін де маңызды.

**ӘОЖ 495.1+494.342-319**

© Авторлар

ISBN 978–601–247–564–7

## КІРІСПЕ

Алдарыңызға ұсынылып отырған «Экономика және мұнай-газ саласындағы қытайша-қазақша-орысша және қазақша-орысша-қытайша терминдер сөздігі» әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасы ұстаздарының бірлескен еңбегі болып табылады. Атап айтсақ, олар: т.ғ.к., доцент Ахметбек Гүлжан (сөздікке жетекиілік еткен), т.ғ.к., доцент Бектұрғанова Перизат, PhD докторы, аға оқытушы Абдраимова Нұржан, аға оқытушы Нұрсайдов Мәди, аға оқытушы Абдурақын Нұрқалық, аға оқытушы Арзықұлов Аманжан, аға оқытушы Түргенбай Айнұр, аға оқытушы Керімбаев Ержан, аға оқытушы Мадиев Данияр, аға оқытушы Досымбекова Рауан, аға оқытушы Анипина Алия, аға оқытушы Қойбақова Айжан, оқытушы Абдраев Нұрманғазы, оқытушы Маулет Бақытнұр, оқытушы Дәурен Динара, оқытушы Қатбаева Гүлмира, оқытушы Исаев Әбілхан, оқытушы Мұқатаева Индира.

Соңғы кезде Қытай Халық Республикасының шаруашылығы мен экономикасының қарыштап дамуына байланысты, ғылым мен білімнің дамуына кең жол ашылды. Осының салдарынан ел экономикасының өнімдері шетке көптеп шығарыла бастады, яғни басқа елдермен қарым-қатынасының әржақты өркендеп, дамығанын көріп отырмыз. Ұсынылып отырған бұл экономика және мұнай-газ саласындағы қытайша-қазақша-орысша және қазақша-орысша-қытайша терминдер сөздігі, қытайша орташа білім дәрежесі бар көпшілікке арналған. Сөздікті құрастыруда авторлар жиі қолданатын сөздер мен сөз тіркестерін теріп алып, сөздік қорына кіргізуге тырыстық. Сөздіктегі аударманың дәлдігі мен оған түсіндірулердің анық та, қысқалығы, оның үстіне қытай тіліндегі сөздердің «транскрипциясының» берілуі оқырмандар үшін сөздікті пайдалануды өте қолайлы да түсінікті етеді.

Өртүрлі мақсатпен түрлі оқырмандарға арналған болса да, сөздіктің негізгі бағыты экономика мен мұнай-газ саласына арналған. Әсіресе соңғы кезде Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар алмасуы күннен-күнге артып отырған шақта, бұл сөздіктің қажеттілігі тіпті де арта түспек.

Сөздік латын алфавитіндегі әріптердің ретімен жазылған, мұның өзі іздеген сөзді тез табуға жәрдемдеседі. Әрине, бұл шағын көлемдегі сөздікті құрастыруда жиі кездесетін сөздерді теріп, біраз қиыншылықтар туғызғанымен, авторлар бұл мәселені шеше білді. Жалпы алғанда, бұл ұсынылып отырған сөздік қытай тіліне қатысты болған қажеттілікті зоры-көпті орынлай біледі деп сенеміз.